

## ФАКУЛЬТЕТ ТҮЛЕКТЕРІ



### **Ахметбеков Жамбыл Әужанұлы**

1961 жылдың 11 ақпанында туды. Целиноград ауылшаруашылық институтын ауыл шаруашылықты механикаландыру мамандығы бойынша 1983 жылы бітірді, инженер-механик, 1994 жылы КИМЭП «Басқару» мамандығы бойынша тамамдады.

1983 жылдан бері механик, комсомол комитетінің секретары, Қазақстан Компартиясы аудандық комитетінің инструкторы, аудандық комсомол комитетінің бірінші секретары; 1992 жылдан бастап Қарағанды облысы, Теңіз ауданының мәдениет бөлімінің меңгерушісі, жастар ісі, туризм және спорт бөлімінің меңгерушісі, Қорғалжын ауданының мәдениет бөлімінің меңгерушісі; 1998 жылы взвод командирі, Ақмола облыстық әскери-техникалық лицей директорының орынбасары, 2003 жылы Қорғалжын ауданы Әкімі аппаратының ұйымдастыру-бақылау бөлімінің бас маманы, бастығы; 2005 - 2011 жылдары Қазақстан Коммунистік Халық партиясы Орталық Комитетінің бюро мүшесі және аппарат жетекшісі, хатшысы, 2011 жылы кезектен тыс V съезінде ҚКХП партия атынан Қазақстан Республикасы президентіне кандидат ретінде ұсынылды, 2012-2016 ж.ж. – ҚР V шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің депутаты.

2016 жылдың 24 наурызынан бастап – Қазақстан Коммунистік Халық партиясынан ҚР VI шақырылымдағы Парламент Мәжілісінің депутаты

Марапаттаулары: ЦК ВЛКСМ (1988ж.) марапаттаулары, «Ерен еңбегі үшін» (2012ж.) медалі және т.б.



### **Кулагин Сергей Витальевич**

1952 жылдың 8 қыркүйегінде Ақмола облысының Атбасар қаласында туды. 1975 жылы Целиноград ауылшаруашылық институтын ауыл шаруашылықты механикаландыру мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын 1966 жылы совхоз жұмысшысы ретінде бастады, сонан соң инженер, бас инженер, «Райсельхозтехника» басқарушысы, Астрахан ауданы, Қызылжар совхозының директоры болып қызмет атқарды.

1984 жылдан бастап 1992 жылға дейін атқару комитет төрағасы, бірінші хатшы, Целиноград облыстық атқару комитеті төрағасының бірінші орынбасары, Торғай облыстық халық депутаттары Кеңесінің төрағасы, Торғай облыстық әкімшілігінің басшысы - басшы қызметтер атқарды.

В 1988 жылы Алматы жоғарғы партия мектебін партия және кеңестік құрылыс мамандығы бойынша бітірді. Саясат ғылымдарының кандидаты. 1993

жылдан бастап 2012 жылға дейін ҚР Премьер-Министрінің орынбасары, ҚР Ауыл шаруашылық министрі, «Интеграция-Целина» Халықаралық қорының Президенті, Қостанай облысының әкімі. 2012 жылдың қаңтарынан бастап 2014 жылдың мамырына дейін ҚР Парламенті Сенатының депутаты болды.

ҚР Президенті Н.А Назарбаевтың 2014 жылдың мамырындағы Жарлығымен Ақмола облысының әкімі болып тағайындалды.

Марапаттаулары: Отан ордені, II дәрежедегі Барыс ордені, Достық ордені, «Астанаға 10 жыл» медалі, кеуде белгісі «Қазақстан Республикасы білімінің Құрметті қызметкері» және т.б.



### **Нүркенов Жаңбыршы Есетұлы**

1946 жылдың 6 шілдесінде туды. Целиноград ауылшаруашылық институтын инженер-механик мамандығы бойынша 1970 жылы бітірді. Техника ғылымының кандидаты, Университеттің құрметті профессоры, Қазақстанның құрметті құрылысшысы.

Еңбек жолын 1964 жылы тракторист болып бастады, сонан соң Баршын совхозының қой бағу бойынша комсомол-жастар бригадасының бригадирі, ал 1970 жылы МТМ меңгерушісі, Қорғалжын ауданы «Коммуна» совхозының бас инженері, 1971 жылдан бастап - Целиноград облыстық комсомол комитетінің хатшысы, облыстық партия комитеті ауылшаруашылық бөлімінің инструкторы, Астрахан аудандық партия комитетінің екінші хатшысы, 1980 - 1999 жылдарда – Аудандық атқару комитетінің төрағасы, облыстық атқару комитетінің ауыл шаруашылық бөлімінің меңгерушісі, Ауыл шаруашылығын сумен қамтамасыз ету топталған жүйесін жобалау, құрылыс салу және пайдалану бойынша облыстық бірлестік бастығының орынбасары, топталған су құбырларын пайдалану бойынша Нұра басқармасының бастығы.

1999 жылдан 2010 жылдары «Горводоканал»трестінің басқарма бастығы, «Астана Су Арнасы» ҚКК бас директоры, 2010 жылдан бастап осы уақытқа дейін - Қазақстан Республикасы ЖКХ және құрылыс Ұлттық палатасының төрағасы.

Марапаттаулары: «Халықтар Достығы» ордені; «Трудовое отличие» ордені; «Ерен еңбегі үшін» медалі, "Қазақстан тәуелсіздігіне 10 жыл " медалі, С.Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық-техникалық университеттің Құрмет белгісі.



### **Сауэр Иван Адамович**

1958 жылдың 11 маусымында Ақмола облысы Целиноград ауданы Малиновка селосында дүниеге келді. Целиноград ауылшаруашылық институтын инженер-механик мамандығы бойынша 1980 жылы бітірді.

1980 – 1987 жылдарда тракторлық-егіс алқабы бригадасының бригадирі, сонан соң «Красный флаг» совхозының бас инженері, ал 1987 – 2005 жылдарда Целиноград ауданы «Родина» совхозының директоры, жекеменшік «Родина» ауылшаруашылық кәсіпорнының директоры, ал 2005 мамырынан бастап "Агрофирма «Родина» ТОО бас директоры.

И.А. Сауэр - «Қазақстан ет одағы» ОЮЛ төрағасы, «Ұлттық компания «Продовольственная контрактная корпорация» АҚ тәуелсіз директоры, ал 2011 жылдан бастап Ауылшаруашылық ғылымдары Академиясының құрметті академигі, С.Сейфуллин атындағы Қазақ аграрлық-техникалық Университеттің құрметті профессоры және «аса дарынды түлек» атағының жалғыз иегері (2002 ж.), А.И. Бараев атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты (2008 ж), ҚР Ауыл шаруашылық министрлігінің эксперттік кеңесінің мүшесі.

Ақмола облыстық маслихатының депутаты (1989-1993жж.;1999-2003жж.).

«Бидай алқабындағы өзара қарым қатынастағы құрылымдар шаруашылық жүргізудің ұйымдастыру-экономикалық тетігі» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады.

Марапаттаулары: «Парасат», «Отан» ордендері, «50 лет Целины», «Шапағат», «Достық» медалдері, «Қазақстан Республикасының тәуелсіздігіне 20 жыл», «Қазақстанның Еңбек Ері», «Отличник образования» және т.б.



### **Бубенко Владимир Степанович**

1954 жылы 16 қазанда Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы Надежка селосында туды. Целиноград ауылшаруашылық институтын 1976 жылы инженер-механик мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын 1977 жылы Булаев ауданының Калинин атындағы совхозда аға диспечерліктен бастады, содан кейін МТМ меңгерушісі, бас инженер, Булаев аудандық комсомол комитетінің бірінші хатшысы, ал 1986 жылдан 1997 жылға дейін – аудандық атқару комитетінің төраға орынбасары, Соколов ауданының РАПО төрағасы, 1997 - 2003 жылдарда – әкім орынбасары, Қызылжар ауданының әкімі, 2003 - 2016 жылдарда - Солтүстік Қазақстан облыстық ауыл шаруашылық және жер қатынастары департаменті бастығының бірінші орынбасары, Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданының әкімі, Мамлют ауданының әкімі, М. Жұмабаев ауданының әкімі және Солтүстік Қазақстан облыстық әкімінің орынбасары

қызметтерін атқарды. 2016 жылдың наурыз айынан бастап Солтүстік Қазақстан облыстық маслихатының хатшысы.

Марапаттаулары: «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 10 жыл», «10 жыл Қазақстан Конституциясына», «Тыңға 50 жыл мерей тойлық» медальдері.



### **Старунов Виктор Ильич**

1953 жылы Қостанай облысы, Қарасу селосында туды. Целиноград ауылшаруашылық институтының ауыл шаруашылығын механизациялау факультетін 1980 жылы бітірді, сол жоғарғы оқу орнында студенттік профсоюз комитетінің төрағасы, оқытушы

ретінде жұмыс істеді.

1983 жылдан бастап Целиноград қаласының партиялық жүйесінде аудандық, қалалық, облыстық комитеттерде жауапты қызметтер атқарды. 1988 жылдан бастап көліктік құрылыс техникумының директоры болып тағайындалды, ал 1994 жылдан бастап - Астана қаласының Политехникалық колледжінің директоры.

Астана қалалық бастауыш және орта білім беру мектеп директорлары Кеңесінің төрағасы, кәсіби білім беру Республикалық Ассоциацияның вице-президенті, Білім және ғылым министрлігінің директорлар Республикалық Кеңесінің, Астана қалалық Білім департаменті коллегиясының мүшесі, Астана қалалық техникалық және кәсіби білім беретін ұйымдар Ассоциациясының Президенті болып табылады.

Марапаттаулары: "ҚР Білім беру үздігі», «ҚР Білім берудің Құрметті қызметкері», Ы. Алтынсарин атындағы кеуде белгісі, «Қазақстан Республикасының тауелсіздігіне 10 жыл», «ҚР денешынықтыру мен спортты дамытудағы еңбегі үшін» және т.б.



### **Кирибаев Рамазан Шоқыбайұлы**

Еңбек жолын 1964 жылы Бөгенбай көмір кенішінде слесарь, трактористен бастады. Ол жұмыс істей жүріп, жұмысшы жастардың кешкі мектебінде оқыды. 1966-1971 жылдары аралығында Целиноград ауыл шаруашылығы институтында білім алып, ауылшаруашылығын механикаландыру инженер-механигі біліктілігін алды.

1971-1980 жылдары машина-тракторлық паркты жөндеу және пайдалану мемлекеттік ғылыми-зерттеу институтының (ГОСНИТИ) Целинный филиалында түрлі инженерлік лауазымдарда, Целиноградоблсельстрой трестінің Алексеевкадағы 09-ПМК-да бас механик, Алексеевка аудандық арнайы шаруашылық бірлестігінде бас инженер қызметтерін атқарды.

1980 жылы Ивановский совхозының партия комитетінің хатшысы, 1981-1988 жылдары Жамбыл атындағы совхозының директоры, 1988-1998 жылдары Ақмола облысы Алексеевка ауданы Новорыбинский совхозының директоры болып қызметтер атқарды. Новорыбинский совхозы таратылғаннан кейін шаруашылықты ЖШС құрылтайшысы ретінде басқаруын жалғастырылды.

1998-2004 жылдары Ақмола облысы, Ақкөл ауданының әкімі.

2004 жылдан бастап «Агрофирма Ақкөл» ССПСТ басқармасының төрағасы.

Марапаттаулары: «Құрмет» ордені, медальдар.



### **Касенов Қайрат Қабдуллаұлы**

1968 жылы Ақмола облысы, Атбасар қаласында туды. Целиноград ауылшаруашылық институтын ауыл шаруашылығын механизациялау және АПК мекемелеріндегі менеджмент мамандығы бойынша бітірді, экономика ғылымдарының кандидаты, "Инфраструктура регионального рынка зерна», «Аграрный маркетинг» кітаптарының авторы.

Еңбек жолын 1993 жылы «Ақмолахлебпродукт» АҚ жетекші инженер болып бастады, содан кейін «SBK» ТОО менеджер, Ақмола облысы, ауыл шаруашылығы департаментінің маркетинг бөлімінің бастығы, РГП «Резерв» РГП басқарма бастығы қызметтерін атқарды; 2003 - 2009 жылдары - «Экспортастык-Ақмола» ТОО директорының орынбасары, «Корпорация Казахсельмаш» ТОО бас директорының орынбасары, Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің көліктік инфрақұрылымды дамыту Комитетінің Ақмола облыстық басқармасы бастығының орынбасары, «Мал өнімдері корпорациясы» АҚ президентінің кеңесшісі. 2005 жылдан 2013 жылға дейін - Солтүстік Қазақстан облысы Тимирязев ауданының әкімі. 2013 жылдың бастап қазіргі кезге дейін Солтүстік Қазақстан облысы Аққайың ауданының әкімі.

2016 ж. қаңтар айынан бастап қазіргі уақытқа дейін Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің әкімшілік жұмыс департаменті директорының орынбасары.



### **Тұрсынов Азамат Жанабылұлы**

1955 жылы 17 наурызында Қостанай облысы, Қарасу ауданы, Қарасу селосында туды. Целиноград ауылшаруашылық институтын ауыл шаруашылығының инженер-механигі мамандығы бойынша 1977 жылы бітірді. Еңбек жолын 1977 жылы әуелі инженер, сонан соң инженер-технолог, мехотряд бастығы, Қарасу «Госкомсельхозтехника» аудандық бірлестігінің аға инженер-бақылаушысы болып істеді. 1986 - 1996 жылдарда

Қарасу совхозының бас инженері, директоры болды, ал 1997 жылдың мамыр айынан бастап - Қарасу ауданының әкімі.

2007 – 2011 жылдарда ҚР Парламенті ІV шақырылымындағы Мәжілісінің депутаты болып сайланды, аграрлық мәселелер бойынша комитеттің мүшесі, 2011 - 2013 жылдарда - Қостанай облысы, Сарыкөл ауданының әкімі.

2013 жылдан бастап - Қостанай облыстық жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары Басқармасының бастығы.

Марапаттаулары: «Құрмет» ордені.



### **Хамитов Теміржан Жаныбекұлы**

1962 жылдың 12 қазанында туды. Целиноград ауылшаруашылық институтын ауыл шаруашылығының инженер-механигі мамандығы бойынша 1988 жылы, 2000 жылы Қазақ мемлекеттік заң академиясын заңгер мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын 1980 жылы Целиноград облысы, Целиноград ауданы Ильиновский совхозында жұмысшы ретінде бастады. Совет Армиясы қатарындағы қызметінен кейін 1988 - 1994 жылдары Целиноград ауылшаруашылық институтының оқу шаруашылығында механик, трактор-егіс бригадасының бригадирі, бөлімше меңгерушісі, өндіріс бойынша директордың орынбасары қызметтерін атқарды. Сонан соң Целиноград, Сандықтау аудандарының шаруашылық органдары мен коммерциялық құрылымдарында басшы қызметтерін істеді. 2003 - 2004 жылдарда Сандықтау ауданының әкімі болды, ал 2004 жылы Ақмола облыстық табиғатты пайдалану бойынша Басқарманың бастығы болып тағайындалды.

2005 жылдың қаңтарынан бастап 2006 жылдың мамырына дейін – Ақмола облысының мемлекеттік архитектуралық-құрылысты бақылау Басқармасының бастығы. 2006 жылдың мамырынан бастап Ақмола облысы, Енбекшілдер ауданының әкімі, 2012 жылдан бастап Жарқайын ауданының әкімі.

2013 ж. сәуір айынан 2014 ж. шілде айына дейін Ақмола облысының кәсіпкерлік және өндіріс басқармасының басшысы, 2014 ж маусым айынан бастап 2016 ж наурыз айына дейін – «Ерементәу Куан» ЖШС-нің директоры, «АстанаСтройЭнерго» ЖШС-нің директоры.

2016 ж. сәуір айынан - «Астана Энергия» АҚ-ның директоры.

Марапаттаулары: «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Тыңға 50 жыл».